

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____
№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

2022 жылғы 25 мамыр жарияланды

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің бірінші орынбасары
Р.В. Склярға

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Роман Васильевич!

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап көрсеткеніндей, Мемлекетіміздің өркендеуі аймақтардың қуатты болуына тікелей байланысты. Сол себепті «Қуатты өңірлер-қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті.

Осы орайда, еліміздегі өңірлерде қоғамдық көзқарастар мен ортақ пікірге негіз болып отырған өткір мәселерге тұрақты назар аудару аса маңызды.

Жамбыл облысы аумағындағы «Казфосфат» ЖШС Қазақстандағы химия өнеркәсібінің алыбы. Компания өнімдері бүкіл әлемдік сұранысқа ие. Бұл ретте кәсіпорынның рентабельдігімен бірге фосфогипс қалдықтары да өсуде. Айта кету керек, фосфогипс қалдық өнім болғанымен, ол экономикалық тұрғыдан алғанда өте құнды зат. Ауыл шаруашылық топырақтарындағы сортаң, тұздалған жерлер балансын қалпына келтіретін мелиорант ретінде белгілі. Ауыл шаруашылығы өнімінің түсімін 2-3 есеге ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Алайда, бұл күндері облыс орталығы Тараз қаласының тап қасында, Тараз-Аса бағытындағы жол шетінде тау-тау болып үйіліп жатқан, яғни, 14 миллион тонна фосфогипс қалдығы аймақтың экологиялық жай-күйіне үлкен әсер етуде. Жыл сайын оған 2 млн.тонна фосфогипс қалдығы қосылып отыр.

2020 жылы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігімен бірлесіп Жамбыл облысындағы экологиялық мәселелерді кешенді шешудің Жол картасы әзірленген. Онда аталған

қалдықты мелиорант ретінде ауыл шаруашылығы саласында қолдануға болатыны айқындалған.

Тұйықтала түскен түйінді шешуге бағытталған бұл Жол картасы бүгіндері жүзеге аспай отыр.

Компанияның минералды тыңайтқыштар өндірісінің жоспарлы ұлғаюына байланысты аумағы 135 га жерге енді үшінші үйінді салу жөнінде жобаға келісілген. Жобалық көлемі 19 млн тоннадан асады.

Фосфогипстің үйінділерде тау-тау болып жиналуы 400 мыңға жуық халқы бар Тараз қаласы үшін ерекше экологиялық мәселе болып отыр және қалыптасқан жағдай қоршаған ортаны қорғаудың шұғыл шараларын қолға алу талабын күшейтеді.

Құрметті Роман Васильевич, қоғамдық мәні зор осы мәселелерді тиісті министрліктердің қатысуымен жан-жақты және жіті назар аудару қажеттігі туындап отыр.

Біріншіден, өндірістік өнімді тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін кеңейтіп, өңірлерге және фермерлерге тасымалдап жеткізу үшін субсидия есебінен қаржы бөлуді ұйымдастыруды, **екіншіден**, өңірде осы өзгеше экологиялық ахуалды жақсартудың барлық амалдарын шұғыл қарастыруды қажет деп санаймыз.

Сауалды қарау нәтижелері туралы жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес беруді өтінеміз.

**Құрметпен,
Парламент Мәжілісінің депутаттары,
«AMANAT» партиясы
депутаттар Фракциясының
мүшелері:**

**М. Төлепберген
Г. Нұрымова
Н. Раззақ
Д. Тұрғанов
С. Адамбаев**

орын. Ә. Қапезова, 746789